

Тақырып	ЕРЕЖЕ	АВТОРЫ	ЖЫЛЫ	СЫНЫБЫ	МӘТІН ТИПІ
Тұйық етістік	Тұйық етістік іс-әрекетті білдіретіндіктен, зат есімше түрленеді: септеледі (сөйлеуге, айтуынан), тәуелденеді (келуім, келуің, келуі), бірақ жіктелмейді. Тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанады (келулеріміз, баруларың, келулері).	Ғ.Қосымова	2018	7-сынып	Пән оқулығы
Тұйық етістік	Тұйық етістік – іс-қимылдың атауын білдіретін етістіктің ерекше түрі. Тұйық етістік барлық етістік негіздеріне, яғни түбір етістіктерге, етістерге және күрделі етістіктерге -у жұрнағының жалғануы арқылы жасалады.	Б.Қапалбек	2018	7-сынып	Пән оқулығы
Тұйық етістік	Етістікке (қимыл-әрекетті білдіретін сөзге) -у жұрнағы жалғанғанда, сол сөз қимыл-әрекеттің атауын білдіреді. Мұндай сөздер тұйық етістік деп аталады.	Т.Ермекова	2018	7-сынып	Пән оқулығы